

### **Ш.Б. Саликжанова<sup>1</sup>, Қ.Қ. Саркенова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

## **ӘЙЕЛ КИІМІ МЕН ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАРЫНЫҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ**

*Мақалада қазақ тіліндегі сөз-символдар, яғни халықтың ұлттық киімі мен әшекей бұйымдарының символдық мәні, дәстүрдің тілдегі көрінісі талданады. Мақалада ұлттық киімнің символдық мәнін аша отырып, қазақ танымы айқындалады. Адам санасының дамуымен байланысты дүниетанымның тереңдеуінің нәтижесі болып табылатын ерекше танымдық белгі символ екені белгілі. Символдың қалыптасу тарихы тым арыда жатса да, бүгінгі күні “символ” ұғымының ауқымы кеңейіп лингвистика, философия, семиотика, психология, әдебиеттану, мәдениеттану т.б. ғылым салаларының негізгі нысанына айналған. Осыған байланысты символды таңуда бір-біріне тәуелсіз түрлі көзқарастар бар. Соның бірі – символ өзінің алғашқы мазмұнын басқа бір мазмұнға форма беруде қолданатын таңба ретінде (бұл көптеген гуманитарлық ғылымдар философия, лингвистика, семиотика т.б.) кездесетін символды кең түрде түсіну. Мақалада авторлар осы бағытты құптай отырып, яғни ұлттық киімдер мен әшекей заттардың символдық мәнін анықтайды. Ұлттық киімді белгілі бір этникалық топтың негіздері, халықтың өмір салты мен дүниетанымы туралы ақпарат беретін дискурс деп алып, оның құрамдас бөліктерін лингвомәдени компоненттер ретінде алып қарастырады.*

*Мақалада этникалық жадының терең қабатын, халықтың дүниетанымының архетиптерін, әр елдің даралығын қамтитын әмбебап мәдениет тілдерінің бірі дәстүрлі өнер түрі – зергерлік бұйымдардың символдық мәні де талдауға түседі.*

*Кілт сөздер: символ, лингвомәдени компонент, дискурс, лингвомәдениеттаным, мәдени мұра, ұлттық киім*

## **НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

Символ – адам санасының дамуымен байланысты дүниетанымды тереңдетудің нәтижесі болып табылатын ерекше танымдық белгілі. Символдың қалыптасу тарихы тереңде жатса да, бүгінде «символ» ұғымының қолданылу аясы кеңейіп, лингвистиканың, философияның, семиотиканың, психологияның, әдебиеттанудың, мәдениеттанудың және т.б. негізгі объектісіне айналды. Олардың бірі – символ өзінің бастапқы мазмұнын басқа мазмұнға пішін беру үшін таңба ретінде пайдаланады (бұл философия, лингвистика, семиотика және т.б. сияқты көптеген гуманитарлық ғылымдарға қатысты т.б.) кездесетін символды кең түсіну.

Символ туралы алғашқы тұжырымдар мен анықтамалар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, С.Мұқанов зерттеулерінен бастау алған. Ал тілдік тұрғыдан төмендегі ғалымдарымыздың еңбектеріне нысан болды: І.Кеңесбаев, Ә.Қайдаров, Е.Жанпейісов, К.Хұсайнов, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиев, Р.Сыздықова, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Р.Авакова, Г.Сағидолда, Қ.Ғабитханұлы, С.Жанпейісова, Б.Ақбердиева, Қ.Дүсіпбаева, А.Сейілхан, Қ.Қайырбаева еңбектерінен көруге болады. К.Хұсайновтың «Қазақ тілінің дыбыс бейнелілігі» еңбегінде қазақ тілінің дыбыстық-символдық сөздері фоносемантика тұрғысынан зерттеледі, ал қазақ тілінің дыбыстарының символдық мағынасы С.Өткелбаеваның «Қазақ тіліндегі дыбыстық символикалық құбылыс» еңбегінде зерделенеді.

Сандардың символдық мәні Қ.Дүсіпбаеваның «Қазақ ескіліктеріндегі сандар жүйесі» атты кандидаттық диссертациясының негізгі нысаны болса, «Лексика-фразеологиялық

жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында Ғасырлар бойы жинақталған материалдық және рухани қазыналар қатарына қазақтың ұлттық киімдері мен әшекей бұйымдары да жатады. Осы тіліміздегі этнографизмдер жеке заттық атау мен құбылыстарды білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар ұлттық болмысты айқындайтын символдық мәнге ие. Символ тіл мен әрекет арасындағы танымның байланысынан тұрады. Символдық мәнге иә сөздердің табиғаты ерекше. Өйткені сөз-символдар ұлттық-танымдық, ұлттық-мәдени мағыналарға ие бола отырып, халықтың дүниені түсінуімен тығыз байланысты болады. Символды тіл мен мәдениет сабақтастығында қарау негізінде оның астарынан халықтық терең дүниетаным-түсінікті, ұлттық сана мен парасат-пайымды, ғасырлық тәлім-тәрбие құндылықтарын танимыз. Тілдегі символизация ұлттық-мәдени-танымдық бірлестіктің тіл әлемінің біртұтас ұғымы мен бейнесін қалыптастырудағы рөліне әсер етеді.

Б.Ақбердиева мифтік танымға негізделген символдарды зерттеген, «Қазақ тіліндегі этнографизмдер лингвомәдениеттанымдық мәні» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында А.Сейілханның халықтық эстетикалық сұлулық символизмдері талданса, Қ.Қайырбаева қазақ тіліндегі материалдық мәдениет лексикасы мен рухани мәдениет лексикасына қатысты қалыптасқан этномәдени атаулардың символдық мәнін тіл мен мәдениет байланысында алып қарастырады.

Біршама монографияларда символ мәселелері талқыланады. Мысалы, Р.Авакова «Фразеологиялық семантика» монографиясында символдың әр қырын жан-жақты алып қарайды, символдағы әлемнің тілдік бейнесін ашуға ұмтылып, сандық символдар сырын ашады. Академик Ә.Қайдаровтың «Қазақ тілінің өзекті мәселелері», Е.Жанпейісовтың «Этнокультурная лексика казахского языка» еңбегі, Ж.Манкееваның «Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы» атты монографиясы мен тағы басқа да көптеген еңбектерде кейбір этнографизмдер мен түр-түс атауларының символдық мағынасы талданады.

Фразеологизмдердегі символдық мағынасы Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» және Р.Сыздық пен Б.Шалабай, А.Әділованың «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», Н.Уәлиұлының «Фразеология және тілдік норма», Г.Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» т.б. еңбектерінде қарастырылады.

Ұлттық киім мен зергерлік бұйымдарды қарастыру арқылы халықтық дәстүрлердегі рухани және материалдық мәдениеттің арақатынасын тұтас және құрылымдық тұрғыдан көрсету талпыныстары да өзекті. Сондықтан мақалада ұлттық киім мен зергерлік бұйымдардың символдық мәнін аша отырып, қазақ танымын айқындау мақсаты болды.

## КІРІСПЕ

Кез келген ұлттық мәдениеттің қазіргі кезеңде дамуы мен сақталуы оны ерекшеліктерін тану және табумен, өміршең дәстүрлердің тиімділігімен байланысты. Бұл міндеттерді шешу ұлттық дәстүрлі мәдениет тарихына қызығушылықтың артуына байланысты. Елімізде мәдени мұраны сақтау, ұлттық дәстүрлерді сақтау, дәріптеу және жаңғырту мәселелері бүгінгі таңда үнемі назарда, рухани-ағартушылық саланы дамыту, сақтау мен тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік бағдарламалар жасалады. Қазіргі әлемде ұлттық мәдениеттердің өзін-өзі қамтамасыз ету мәселесі өзекті мәселелер қатарында екені айқын. Осының аясында ұлттық мәдениеттердің этникалық сәйкестендіруін анықтауға бағытталған зерттеулердің өзектілігі артуда, бұл ұлттық сананың өсуіне де, әлемдік қауымдастықта өзара түсіністік пен тұрақтылыққа да ықпал етеді. Әрбір этностың рухани тәжірибесі ұлттық мәдениетті, рухани кеңістікті сақтау үшін ғана маңызды емес, сонымен бірге жалпыадамзаттық мәнге, құндылыққа ие. Этникалық жадының терең қабатын, халықтың дүниетанымының архетиптерін, әр елдің даралығын қамтитын әмбебап мәдениет тілдерінің бірі дәстүрлі өнер түрі – зергерлік бұйымдар жасау болып табылады. Сондықтан зергерлік бұйымдардың жасалу және өмір сүру процестерін олардың символдық табиғаты

тұрғысынан зерттеу, вербалды және бейвербалды қарым-қатынасы, мәдени-тарихи маңыздылығы тұрғысынан қарастыру да сұраныс тудыруда.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Жалпы ғылымда, соның ішінде тіл білімінде символ мәселесі ертеден назарға іліккен. Символ – күрделі де сыры көп ұғым. Әр кезеңде символ табиғаты әр қырынан зерттелді. Ол жөнінде В.В.Мантатов: «Ғылым тарихы мен мәдениет тарихы көрсеткендей, символ ұғымы – орыс символистеріндегідей біліммен де, мистикалық сипатпен де сәйкестендірілмейтін әлдеқайда терең және жан-жақты ұғым» [1, 131], – дейді.

Символдың зерттелуі Аристотель мен Платоннан бастау алып, Канттың зерттеулеріне де нысан болғанын білеміз. «Символ – эстетикалық идея, бейненің ерекше түрі. Көзге көрінбейтін, мүмкін емес нәрселерді жеткізуге тырысатын, түсінікті себептермен ақыл-ой идеяларына сәйкес келетін пайымдаулардың ерекше түрі» деген Кант тұжырымы бар [2, 273].

Метафора сияқты символ тілімізде ұлттық мәдениеттің көрсеткіші ретінде көрінеді. Символдық таңба – лингвомәдениеттану мен когнитивті лингвистиканы зерттеу объектілерінің бірі. Символ тіліміздегі интеграцияланған ойлау жүйелерін көрсетеді және оларды бір-екі сөзбен жеткізеді, сондықтан біз халқымыздың дәстүрлі бейнелерін бейнелейтін сөздерден символдық мағынаны іздеуіміз керек. Семантикалық мазмұн құрылымы тұрғысынан символ күрделі символ ретінде сипатталады. Ондағы мағыналар немесе ұғымдар бір-бірімен біріктіріліп, мазмұнды күрделі түрде құрайды. Демек, символ көп қырлы семантикалық құрылым ретінде түсініледі. Символдық мағына сөздердің омонимдік қатарын құрмайды, ол сөздің семантикалық құрылымында қосымша мағына ретінде дамиды. Яғни, сөздің символдық мағынасы динамикалық туынды ретінде қарастырылуы керек. Сөз бен сөз символы екі түрлі таңба емес, оның екі түрлі функциясындағы бір сөздің екі түрлі формасы, яғни біз оны лингвистикалық таңба символдық функцияны орындаған кезде ғана символ деп атай аламыз. «Символ ол – белгілі бір идеяны, түсінікті, ұғымды жеткізуші ұлттық код. Символ сөздер – өне бойына сан алуан ақпарды жинақтайтын, құлыптайтын (кодтайтын) сөздер» [3, 103]. Тіл адамның шындықты түсінуін, оның шындыққа деген көзқарасын, шындықты қабылдауын көрсетеді. Сондықтан біз тілді когнитивті модель ретінде қарастырамыз.

Зерттеу мақаласының өзектілігі мен тұжырымдарын дәйектеуде ғылыми танымның зерттеу әдістері қолданылды. Лингвомәдени зерттеулерге халықтың ұлттық киімі мен әшекей бұйымдарының символдық мәні, дәстүрдің тілдегі көрінісін қарастыру жататындықтан, лингвистикалық талдаулар әдістері: сипаттамалы, салыстырмалы-сипаттамалы әдіс, тарихи-салыстырмалы әдіс кең қолданылды.

## НӘТИЖЕЛЕР

Символдың зерттелуін саралай келе, символды әр халықтың мәдениетіне тән ерекше құбылыс ретінде қарастыру әлі толық сипатқа ие емес деген қорытынды жасауға болады. Осылайша, осы бағыттағы зерттеу жұмыстары өзекті болып табылады. Егер ұлттық киім бұл белгілі бір этникалық топтың негіздері, халықтың өмір салты мен дүниетанымы туралы ақпарат беретін дискурс десек, онда біз оның құрамдас бөліктерін лингвомәдени компоненттер ретінде қарастырамыз. Ұлттық киімдер дискурсы олардың лингвомәдени құрамдас бөлігі, киім иесінің тұратын аймағы, дәрежесі, символдық мәні және т.б. контекстінде қалыптасқан жағдайлар туралы ақпарат береді. Егер ұлттық киім қоршаған ортаға бейімделу нәтижесінде пайда болса, онда оның компоненттерінің лингвомәдениетке айналуы мәдени құндылықпен анықталады. Ұлттық киім көбінесе архитектуралық құрылымдардың функцияларын қайталайды, символдық белгілер сыртқы ортадан қорғау мақсатын көздегенін көреміз. Сол қағида бойынша көшпенділердің дәстүрлі үйі – киіз үй

сиқырлы қорғаныс элементтерінің бүкіл жүйесімен қамтамасыз етілді, сонымен қатар оның символдық сипаттағы көптеген бөлшектері киім құрылымына енгізіліп, жабылды. Ұлттық киімнің әр компоненті лингвомәденирема (лингвокультурема) тұрғысында белгі, тілдік мән және мәдени мазмұнның бірлігін құрайды. Лингвомәденирема тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасын, байланысын зерттеуде осы екі салаға қатысты және екі саланың ерекшеліктерін синтездей біріктірген бірлік ретінде қарастырылады [4, 46]. Бұл бірліктің синтезі тығыз болған сайын, ұлттық киімнің модернизацияға түсуі қиындай түседі. Сырттан, яғни басқа этностардың мәдени ықпалы негізінде қабылданған киімдер тез өзгеріске түсуге, жаңа форма не үлгіге айналуға бейім болса, ұлттық киімнің тұрақтылығы оның мәдени мазмұнымен белгіленеді. Ұлттық киім компоненттері этностың тұрмыс-тіршілігін айқындаушы бейнелер жиынтығы ұлттық дүниетанымның айнымас бөлігі тұрғысында тұрақтылық танытады. Мәдени мазмұнды құрайтын бейнелер, ассоциациялар киімдердің номинациясына телінген.

Ақыл-парасатымен, ұлттық танымымен ерекшеленетін қазақ халқы өз ортасын ұлттық түйсікпен көріп, суреттеуге бейім. Бұл қоршаған ортамен үйлесімділікті сақтау ниетінен болса керек. Мысалы, ұлттық киім зат және белгі болып саналады. Киім иесінің нақты әлеуметтік тобына, экономикалық жағдайына, жасына және т.б. ерекшеліктерін көрсетеді. Мұнда киім тек материалдық мәдениеттің бір бөлігі ретінде ғана емес, халықтың салт-дәстүрімен, рухани өмірімен тығыз байланысты құбылыс ретінде қарастырылады. Символдық сөздер табиғаты жағынан ерекше. Өйткені, символ сөздерінің танымдық, ұлттық-мәдени, астарлы мағынасы бар, олар адамдардың дүниені қабылдауымен тығыз байланысты және таңбаның когнитивтік, астарлы мағыналары бар.

## ТАЛҚЫЛАУ

Ұлттық киімдер символдық мағыналарға ие болуы арқылы ерекшеленеді. «Символ белгілі бір уақытша «тарихи» бөлімге жатпайды, ол өткен шақтан болашақ уақытқа өтіп, мәдениеттің жадысын жүзеге асырады. Символдық жады оның символдық емес мәтіндік ортасының жадысынан әлдеқайда ескі» [5, 351]. Қазақ қыздарының ұлттық киімдерінің бір айрықша белгісі бірден дәстүрлі космогония тасымалдаушыны таңбалайды, сонымен қатар түркі халқының ұрпағы екенін аңғартады. Мифопоэтикалық дүниетанымның семантикалық көрінісі кез келген ұлттық киімге тән оның формалары құрылымы мен ерекшеліктері азды көпті таза түрінде сақталған.

Әйелдер ұлттық киімдерінің жеке элементтеріне үңіліп, символдық мағынасын ашу арқылы біз бүкіл мәдени және тарихи қабаттарды тану мүмкіндігіне ие боламыз. «Мәдени символдар белгілі бір мағынада мәдениеттің күші ретінде қабылданады. Қоғамның мәдениеттегі жалпы психикалық жадын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады және ол оның мәдени нышандары арқылы жүзеге асуы мүмкін. Сондықтан мәдени символдар мәдениеттің күші болып табылады. Мәдени символдар мағынаның берілуін қамтамасыз етумен қатар қоғамдағы жеке тұлғалардың ой-өрісін қалыптастыруда да анықтаушы және тәжірибе беруде бағыттаушы қасиетке ие» [6, 171]. Жалпы қазақ тілінің материалдық мәдениет лексикасына қатысты символдық сипаттағы этноатауларды ғалым Ж.Манкеева еңбектері арқылы білеміз. «Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы» атты монографиясында заттық мәдени мұралардың символдық қырлары ашылады. «Материалдық мәдениеттің шындық өмірдегі, күнделікті тұрмыстағы заттармен тығыз байланысты қаралатыны белгілі. Осы орайда – «өмір сүруді қамтамасыз ететін мәдениетке жататын дүниелердің мәдениетке қатысы адамдардың тек өмір сүруі үшін қажет мұқтаждарын ғана қанағаттандырып қоймай, сонымен бірге олардан жоғары тұратын социогендік, символикалық және эстетикалық қажеттерін де өтейді», – деп тұжырымдайды ғалым [7, 30].

Ұрпақ тәрбиесі де киімнен танылады. Мысалы, қазақ халқы қыз бала тәрбиесіне ерекше назар аударып, қызына барынша қамқорлық жасаған, «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай», төрінен орын сайлаған. «қыз бала қонақ» деп санап ата-анасының үйіндегі аз

өмірінде мүмкіндігінше көп көңіл бөлген. Үлкенге, кішіге құрмет көрсетуді үйретіп, нәзіктік пен пәктікке, әдептілікке баулыған. Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды берік ұстанған қазақ қызы қандай ортада болса да өзінше ерекшелене білді. Осындай асыл қасиеттермен қатар қазақ қызының сұлулығына ерекше көңіл бөлінеді. «Бір ұл тәрбиелесең – бір әулетті тәрбиелегенің, бір қыз тәрбиелесең – бар ұрпақты тәрбиелегенің» деген халық даналығында, сондықтан қыздың ар-намысы мен қадір-қасиеті, құпиялар мен сұлулықты сақтау, болашақ өмірге дайын болуына үлкен мән берілген. Қазақ халқы әйелді жан сұлулығы мен тән сұлулығына қарап бағалаған. қыз баланың киімі де ерекше сәнмен тігіліп, моншақтармен әрленген. қыз баланың тақиясына сәндік үшін, әрі көз тимесін деп ырымдап үкі тағатын болған. Сол сияқты көркем мәтіндерде де қыз киімі айшықтау құралы ретінде жұмсалады:

...*Бір есер отыр сүйініп,*

*Есерді қостап жаңағы.*

*Ү к і л і қыздай иіліп,*

*Қиылды гүлдің сабағы... (Мақатаев М. «Сабағы әлсіз сары гүл»)*

Символ да метафора сияқты тілдік тұлғаның тіліндегі ұлттық мәдениеттің көрсеткіші ретінде көрінеді. Символдық таңба – лингвомәдениеттану мен когнитивті лингвистиканың зерттеу нысандарының бірі. Символ тілдік тұлғаның тіліндегі біріккен ой жүйелерін көрсетіп, бір-екі сөзбен береді, сол себепті символдық мәнді халқымыздың дәстүрлі ұғымдарын білдіретін сөздерден іздеуіміз керек. Символды зерттеуші Қ.Қайырбаева бұл туралы: «Сөз – символ жазушының айтпақ ойын дөп басып шығарманың бейнелігін арттыру үшін қажет. Сондықтан символдың жеке автор қолданысындағы мәнін ашу, мағынасын тану ерекше қабілет пен көкірек көзін қажет етеді», – дейді [8, 11]. Ал профессор Р.Авакова: «Символдық мәнге ие сөздердің табиғаты ерекше, ол ерекшелік символ сөздердің танымдық, ұлттық мәдени, фондық мағыналарын сол тілде сөйлейтін халықтың дүниені тануы мен құбылыстарға баға берумен, әлемнің тіл бейнесімен тығыз байланысты» деп көрсетеді [9, 11].

Ұлттық киімдердің символдық мәні айырықша, соның ішінде қазақ әйелдерінің бас киімдері символдық мәнге ие екенін білеміз. Тақияны ер адамдар балалық шағынан кәрілікке дейін кисе, әйелдер тек қыз күнінде ғана киеді. Әйелдер *сәукеле* киеді, *орамал*, *кимешек* киіп, *жаулық* тартқан. Басындағы *орамалына* қарап оның жасын болжауға болатын болған. Мысалы, жас қыздың басындағы *ақ орамалына* қарап тұрмыста екенін аңғарамыз. Әдетте жас келіндер *ақ орамал* тартқан, жастар *кимешек* кимеген. «Қазақта бас киімді қарттар, жігіттер, балалар және қыздар киеді. қыз бала үйде жүргенде басына *жұқа қызыл орамал* тартып, сыртта (түзде) жүрсе, *қарқаралы тақия* киген. Қыздың осы киіміне қарап, басының бос екені байқалып, *«қарқаралы қыз»*, *«қызыл орамалды қыз»* атанған. Бұдан соң екі жақ бірін-бірі құда-құдағи дей берулеріне болады» [10, 79].

Киімге қатысты қазақ халқының көне замандардан келе жатқан ырымдары, мифтік таным-түсініктері бар. Ол жөнінде академик Ә. Қайдар: «Адамның саналы ғұмырынан бергі кезеңде онымен біте қайнасып келе жатқан тілдің түпсаналық қатпарларында алуан түрлі мифтік дүниетаным қазыналары қордаланып жатыр. Олар сол замандағы адамдардың танымы мен наным-сенімдеріне қарай пайда болып, белгілі деңгейде сол қоғамға қызмет етеді» [11, 91] – дейді. Ал профессор Е. Жұбанов: «Миф – адамзат мәдениетінің базистік феномені, адамның ерте заманнан бері қалыптасқан ұғым-түсініктерінің, дүниені танып білу ой-өрісінің өте ескі көрінісі. Сондықтан ол қоғамдық сананың барлық түріне ортақ, бәріне де қатысты» [12, 90], – дейді. Мысалы, қазақта қыз балалар ерлердің киімін кимеген. Бірақ белгілі бір себептерді таныту мақсатында кигендігін бүгінгі күні көркем шығармалар арқылы білеміз. Мысалы, «Абай жолы» эпопеясында:

*«Бұған ерсі көрінген сурет Абайдың өзінің де өмірінде ең алғаш көрген көрінісі. Бұл көш – қаралы көш екенін – Бөжей көші екенін Абай мен Тәкежан бағана-ақ таныған болатын. Өзге көштен бөлек болатыны мәлім. Бірақ қазір мына екі қыз істеген іс сол бөлектің ішінде бір өзгеше болды.*

*Олары өзге қыздан бөлінгенде байқалды. Бастарына еркектің б а с к и і м і н киіпті.*

*Қара мақпалмен тыстаған жұқа қара е л т і р і т ы м а қ т а р ы бар. қыз кимейтін бас киімнің артын алдына келтіріп, теріс киіпті. Енді гана анық көрінді, орталарына жетекке алған тұлдаған қара көк аттың үстіне Бөжейдің ертоқымы ерттеліпті. ер үстіне сол Бөжейдің осы өткен қыста Қарқаралыға киіп барған қызыл күрең ішігі жабылыпты. Ердің қасына қамшысын шәниіп, соған да теріс қаратып, Бөжейдің қысқы түлкі тымағын кигізіпті» (М. Әуезов, Абай жолы).* қыз балалар ер адамның тымағын теріс киген, қаралы күйін сол арқылы білдірген. Өмірден өткен Бөжейдің тымағы, яғни Бөжейді білдіру үшін шебер қолданылған.

Бас киім – ұлттық дүниетанымда құт-береке символы. Ғалым Ә.Б. Алмауытова өзінің еңбегінде *бөріктің* қазақ халқы үшін символдық мәні туралы: «Қазақ халқы бөрікті символ ретінде бағалаған. Осыған байланысты «*Бөркіңді теріс киме*» деген тыйым сөз бар. Оның себебі бас киімді теріс қаратып киген жаман істің белгісі деп санаған. Сондай-ақ, «*Бөркін аспанға ату*» деген тіркес қатты қуану, шаттану дағдысынан туған» дейді [13, 52]. *Бөрік* – қазақтың ертеден келе жатқан бас киімі. Қыстық және жаздық бөрік болып екіге бөлінеді. Елтірімен немесе аң терісімен күрмеленіп, қалыңдау қымбат матамен тысталады. ер адамдар да, қыздар да киеді. Аңның терісіне қарай, *құндыз бөрік, сусар бөрік кәмшат бөрік, түлкі бөрік* деп аталады. қыз *бөркінің құндызды түрлері* жалпақ, төбесі төрт сайлы болады да, үкі тағылады, асыл тастармен, алтын, күміс теңгелермен, салпыншақ әшекейлермен безендіріледі (Ақбай Н.Е., Абай жолы энциклопедиясы).

Қазақ әйелдерінің киімдерімен қоса, әшекей бұйымдарының символдық мәні ерекше. Көркем мәтіндерде әшекей бұйымдар символ ретінде қызмет етеді. «*Құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы кәмшат бөрігі, білек толған білезіктері – баршасы да, Абайдың бұл өңірден көрмеген бір сәні сияқты*» (М. Әуезов, Абай жолы).

*Ханның құлақтарында сұлу қыздың ерніне ұқсайтын цейлонның қып-қызыл жақұттарынан жасалған сырғалар* (М.Жұмабаев, Шығ.).

*Пәренжі үсте – бітеу қап,*

*Бетінде +перде – шімбеті.*

*Шімбетінің астында*

*Гүл шырайлы шын беті.*

*Желпіне алмай, жамылып,*

*Быршып тұрған тер беті.*

*Шаңырақ сырға құлақта,*

*Мөлт-мөлт еткен меруерті* (М.Жұмабаев, Шығ.).

Мысалы, ұлы ақын Абай қыз бейнесін шолпы символы арқылы суреттейді.

*Білектей арқасында өрген бұрым,*

*Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.*

*Кәмшат бөрік, ақ тамақ қара қасты.*

*Сұлу қызды көріп не ең мұндай түрін?* (Абай, *Білектей арқасында өрген бұрым*) - деген өлең жолдарында қыздың сұлу бейнесі шолпы мен кәмшат бөрік арқылы ашылады. Ал Мағжан Жұмабаевтың «Шолпы» өлеңі бар. Онда поэтикалық қаһарман сезімі шолпы арқылы беріледі:

*Сылдыр, сылдыр, сылдыр...*

*Қанымды қайнаттың құрғыр*

*Шық-шық жүрекке тиеді,*

*Күлпара талқан боп сыңыр!*

*Сылдыр, сылдыр, сылдыр...*

*Өзекті өртеді құрғыр*

*Әдейі іргеден жүреді*

*Сұлу қыз санадан солғыр* (М.Жұмабаев, Шығ.).

М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясында қара сөзбен өрнектейді: «*Сылдырлаған шолпысы әлдеқандай былдырлаған тілмен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді. Шолпы әуелі жиі сылдырлап, аздан соң баяулай басып, тағы біраздан соң анда-санда гана бір гана шылдыр*

*ете түсіп ұзап барады. Абай өз жүрегінің аттай тулап соққан дүрсілін естіді. Шолпы үнін сол басып барады. Өзгеше ыстық қымбат шолпы ең соңғы рет бір шылдыр етті де, білінбей кетті. Түн тыныштығы ұрлап кеткендей, жұтып кетті» (М.Әуезов, Абай жолы).*

Мысалдардан көріп отырғанымыздай *шолпы* – махаббаттың символы ретінде алынған. Қазақ қызының бейнесін сомдауда, сүйген жүректердің сезім иірімдерін ажарлауда үш қаламгер – Абай, Мағжан, Мұхтар – *шолпы* сөзін қазық етіп, соның айналасында әркім өз қаһарманының образын жасайды. Сонда Абай мен М.Әуезов *шолпыны* қыз бейнесін танытатын, толықтыратын деталь ретінде алса, Мағжан образдың өзі ретінде қолданған. Десек те, осы үш автор да *шолпыны* – сұлулықтың, сымбаттылықтың символы ретінде қолданған, ол сұлулық тек сыртқы тән сұлулығы еместігін ерекше сезімталдықпен тап басып көрсетіп, сүйіспеншілік сезіммен астастырған. Жүрегін жаралаған алғашқы махаббатты Тоғжанның бұрымына тағылған *шолпы, шолпының* сылдырына дейін Абай өз ынтықтығын білдіреді. Жүрек дүрсілі *шолпының* сылдырымен үндеседі. Мағжан *шолпы* арқылы терең сүйіспеншілігін, өзекті өртердей махаббат сезімін суреттейді. Асау сезім тек *шолпының* сылдырына ғана бағынып, табына түседі. Демек, символ образ ретінде танылады, сондықтан оған образдылық сипат тән. Бірақ кез келген сөз әрі символ, әрі образ ретінде танылу үшін, ол осы екеуіне тән сипатқа ие болуы тиіс.

Сәндік үшін білекке тағатын әшекейлі, бағалы бұйым *білезік* те символдық мәнге ие. Халық танымында *білезік* күдіретті күшке ие, түрлі буын ауруларына қарсы тұрады, және қолдың тазалығын нығайтады. Ескі таным бойынша халық арасында кең тараған түсінік «жындарды шығару» үшін де қызмет атқарған. Ең бастысы, *білезік* адамның бойында күшті сақтайды. Қазақ тілінде егер жазатайым ауру әйелдің құлағы мен шашына енсе, оның күші біртіндеп алақанынан шығады деген сенім бар. Әжелер соңғы күштерін жоғалтып алудан қорқып, *білезікті* қолдарынан тастамаған. Алқа, *білезік* – символдық мәні бар бұйымдар. Оның себебі қазақ жігіті өзі ұнатқан қызға сыңар *білезік* сыйлаған. Үйленгеннен соң *сыңар білезік* орнына жігіт «шебер, ұқыпты бол» деген белгі ретінде *қос білезік* сыйлайды.

*Сырғаның* да символдық мәні бар екені+ белгілі. *Сырғаларға* байланысты қазақ халқының *сырға тағу салты* бар. Қазақ әдетте қыз баланың бесікте жатқан кезінде-ақ сырға салған. Ол ескі танымнан, яғни көз тигізбеу ниетінен туды. *Сырға тағу рәсімі* ежелгі заманнан бері бар. Ертегідегі Ерназардың түсінде тоғыз сырғаны көруі осыған дәлел. *Сырғаның* этнолингвистикалық сипатын Р. Шойбеков: «Ертеде қыздың басы бос, атастырылмаған болса керегеге, кілемге, тіпті бақанға *сырға* іліп қою салты болған. Үйге келген қонақ, жолаушы үй ішін көзімен шолып, ілулі тұрған *сырғаны* көрсе, «бұл үйдің бойжетіп келе жатқан не бой жетіп отырған қызы бар екен, ата-анасы әлі ешкіммен құда болмапты, қызының басы бос екен» деген ой түйген. Мұның аяғы кейде құдаласып жатады», – дейді [14, 20].

*Жүзіктің* символдық мәні белгілі, екі жастың некесінің куәсі ретінде жүзік таққан. *Жүзікті* қымбат металдан құйып, сыртқы бетіне сіркелеу, лажылау, бағдарлау тәсілдерімен өте сәнді өрнектер отырғызып және әсем күмбездеп, асыл тастардан бірнеше көз салып жасайтын болған. *Жүзіктің* бір алақанға бірнеше бауырлық орнатып, екі, үш, төрт саусаққа (бас бармақтан өзге) қатар кигізілетін түрлері бар. Құдаласудың символы ретінде құдағи *жүзік* әзірленетін болған. «Құдағи *жүзік* – бір саусақтан бастап, екі, үш, төрт саусақ қатар сұғылатын, үсті тұтас, дөңгелек пішінді, алтын, күміс, асыл тас көзді өте бағалы, қомақты, құдағиға сыйға тартылатын жүзік».

Символ метафора сияқты, тілдік тұлға тіліндегі ұлттық мәдениеттің көрсеткіші ретінде көрінеді. Символдық таңба – лингвомәдениеттану мен когнитивті лингвистиканы зерттеу объектілерінің бірі. «Мағынаны жанама түрде білдіретін символдар адамның дүние туралы білімін терең түсінуге мүмкіндік береді. Тіл біліміндегі сөз және символдық таңба – екі бөлек белгі емес, сөздің екі түрлі қызмет түрлері. Осыны ескере отырып, тіл білімінде символ лингвистикалық-когнитивтік зерттеу объектісі болып табылады» [15, 272]. Символ адамның тіліндегі ойлаудың біріктірілген жүйелерін бейнелейді және оларды бір-екі сөзбен

жеткізеді, сондықтан біз халқымыздың дәстүрлі бейнелерін білдіретін сөздерден символдық мағынаны іздеуіміз керек.

Егер ұлттық киім – бұл белгілі бір этникалық топтың негіздері, халықтың өмір салты мен дүниетанымы туралы ақпарат беретін дискурс десек, онда біз оның құрамдас бөліктерін лингвомәдени компоненттер ретінде қарастырамыз. Ұлттық киімдер дискурсы олардың лингвомәдени құрамдас бөлігі, киім иесінің тұратын аймағы, дәрежесі, символдық мәні және т.б. контекстінде қалыптасқан жағдайлар туралы ақпарат береді. Егер ұлттық киім қоршаған ортаға бейімделу нәтижесінде пайда болса, онда оның компоненттерінің лингвомәдениетке айналуы мәдени құндылықпен анықталады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ұлттық киім - бұл әр ұлтты екіншісінен дараландыратын ерекше белгілердің бірі. Сондықтан ұлттық киім әр халықтың материалдық мәдениетінің бір бөлігі болып табылады. Ұлттық киім бар және оны кию мәдениеті бар. Біз бұл мәдени дәстүрді жоғалтпауымыз керек. Адамдар басқаларға деген құрмет сезімдерін, қуаныштарын, қайғыларын және т.б көңіл-күйлерін киім арқылы білдіре алған. Қазақтың ұлттық киімдерінің де жасқа байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Жас бойынша бөліну ерлерге қарағанда әйелдер киіміне көбірек тән. Ұлттық киімді дәстүрлі әдіспен безендіру - бұл қолданбалы ою-өрнектерді қолданудың арқасында ғасырлар бойы сақталған қазақ халқының өнері. Қазақ халқының киіміне қатысты ежелгі дәуірден келе жатқан таным-түсініктер, мифтік нанымдар бар. Тілдің терең қатпарларында әртүрлі мифтік дүниетанымның қазыналары жинақталады, ол киімдері арқылы да көрініс табады. Олар сол кездегі адамдардың білімі мен сеніміне сәйкес пайда болады және белгілі бір дәрежеде сол қоғамға қызмет етеді. Мысалы, жоғарыда айтқанымыздай, қыздар ерлер киімін киген жоқ. Біз бүгін өнер туындыларының арқасында оның белгілі бір себептерді көрсету мақсатында киілгенін білеміз. Бүгінгі таңда біздің ұлттық санамыз жандана түскеніне және түрлі мерекелерде ұлттық киімді киюді салт-дәстүрге айналдыруға тырысқанымызға қарамастан, қазіргі өмірге әлі толық енген жоқ.

Зергерлік бұйымдарға келетін болсақ, олар біздің ата-бабаларымыздың тарихымен байланысты және біз бүгінгі күнге дейін сақталған зергерлік бұйымдарға байланысты салт-дәстүр, таным түсінік сақталған. Мысалы, білекке тағылған әшекейленген асыл білезік те символдық мағынаға ие. Ең бастысы, білезік адамның бойындағы күшті сақтайды.

Ұлттық киім және зергерлік бұйымдардың әрбір компоненті лингвомәдениет контекстінде белгінің, тілдік мәні мен мәдени мазмұнының бірлігін құрайды. Ұлттық киімнің құрамдас бөліктері этникалық топтың өмір салтын анықтайтын бейнелердің жиынтығы ұлттық дүниетанымның өзгермейтін бөлігі контекстінде тұрақтылықты көрсетеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мантатов В.В. Образ, знак, условность. [Текст] – М., 1980, - 160 с.
- 2 Кант И. Сочинения в 6-ти томах. [Текст] – М., 1966, Т.5. - 303 с.
- 3 Орынбаева Д. Материалдық мәдениеттің символдық мәні. [Текст] // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ХАБАРШЫСЫ, «Филология» сериясы, №2 (72), 2020 ж. <https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.14>
- 4 Воробьев, В. В. Лингвокультурология: (теория и методы) [Текст]. / В. В. Воробьев. М. : Изд-во Рос. ун-та дружбы народов. 1997. – 331 с.
- 5 Захаржевская Р.В. История костюма [Текст] М., РИПОЛ классик. 2007. – 235 с
- 6 Kaya, Ozlem & Romanescu, Sinziana. “An Analogical Approach to Colors and Symbolism in Romanian and Turkish Folk Art.” [Text] Art-Sanat, 15 (2021): 161–181. <https://doi.org/10.26650/artsanat.2021.15.0007>
- 7 Манкеева Ж. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. [Текст] Филолг. ғыл. докт. дисс. Авторефераты, – Алматы, 1997. - 53 б.



- 8 Қайырбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. [Текст] Ф.ғ.канд.автореф. - Алматы. 2004. –138 б.
- 9 Авакова Р.А. Фразеологиялық семантика. [Текст] – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 150 б.
- 10 Жүнісов А. Пәниден бақиға дейін: этнографиялық баян: қыз ұзату, отау көтеру, ата-ененің баулуы, өлім-жітім жоралары [Текст] // Жұлдыз. - 2001.- № 2. - Б. 135-149.
- 11 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. [Текст] – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
- 12 Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. [Текст] – Алматы: Ғылым, 1978. – 185 б.
- 13 Алмауытова Ә. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты [Текст]. Алматы, 2004. – 147 б. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.
- 14 Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы [Текст]. – Алматы, 1993. – 130 б.
- 15 Ахмедова З. Ш. Символика с точки зрения лингвистической науки. [Текст] // «Молодой учёный». № 14 (409) . Апрель 2022 г. С. 271-272.

Материал 05.08.2023 баспаға түсті

#### REFERENCES

- 1 Mantatov V.V. Obraz, znak, uslovnost. [Image, sign, convention. [Text] – M., 1980, – 160 p.
- 2 Kant I. Sochineniya v 6-ti tomah. [Works in 6 volumes] [Text] – M., 1966, C.5. – 303 p.
- 3 Orynbaeva D. Materialdyq madeniettin simvoldyq mani. [Symbolic significance of material culture] [Текст] // Abai KazNUPU BÜLTENİ, "Filoloji" serisi, №2 (72), 2020. <https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.14>
- 4 Vorob'ev V.V. Lingvokul'turologija: (Teorija i metody) [Linguoculturology: (Theory and methods) [Text] - M.: Publishing house Ros. University of Friendship of Peoples. 1997. – 331 p.
- 5 Zaharzhhevskaya R.V. Istoriya kostyuma [Costume history] [Text] - M., RIPOL classic. 2007. – 235 p.
- 6 Kaya, Ozlem & Romanescu, Sinziana. “An Analogical Approach to Colors and Symbolism in Romanian and Turkish Folk Art.” [Text] Art-Sanat, 15 (2021): 161–181. <https://doi.org/10.26650/artsanat.2021.15.0007>
- 7 Mankeeva ZH. Kazak tilinin zattyk madeniet leksikasy. [Material culture lexicon of the Kazakh language]. [Text] Philologist. do it dr. diss. autoref. – Almaty, 1997. – 53 p.
- 8 Kajyrbaeva K.T. Kazak tilindegi etnomadeni ataulardyn simvoldyk mani. [Symbolic meaning of ethnocultural names in the Kazakh language]. [Text] Cand. of Philological Sciences. autoref. – Almaty, 2004. –138 p.
- 9 Avakova R.A. Frazеologiyalyk semantika. [Phraseological semantics]. [Text] – Almaty: Kazakh University. – 150 p.
- 10 Zhunisov A. Paniden bakiga dejin : etnografiyalyk bayan: kyz uzatu, otau koteru, ata-enenin bauluy, olim-zhitim zhoralary. [From pani to baqi: ethnographic narrative: courtship, marriage, parenting, death rituals] [Text] // Star. – № 2. – P. 135-149.
- 11 Kajdar A. Kazak tilinin ozekti maseleleri. [Actual problems of the Kazakh language]. [Text] – Almaty: mother tongue, 1998. – 304 p.
- 12 Zhubanov E. Epos tilinin ornekteri. [Epos language expressions]. [Text] – Almaty: Science. – 185 p.
- 13 Almauytova A. Kazak tilindegi kiim ataularynyn etnolingvistikalыk tabigaty. [Ethnolinguistic nature of clothing names in the Kazakh language]. [Text] Dissertation prepared for receiving the scientific degree of candidate of philological sciences. – Almaty, 2004. – 147 p.
- 14 Shojbekov R. Kazak zergerlik onerinin leksikasy. [Lexicon of Kazakh jewelry art]. [Text] – Almaty, 1993. – 130 p.
- 15 Ahmedova Z.Sh. Simvolika s tochki zreniy lingvisticheskoi nauki. [Symbolism from the point of view of linguistic science]. [Text // «Young scientist». № 14 (409) . April 2022. P. 271-272.

## **Символическое значение женской одежды и украшений**

Ш.Б. Саликжанова<sup>1</sup>, К.К. Сарекенова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

*В статье анализируются слова-символы в казахском языке, то есть символическое значение национальной одежды и украшений народа, выражение традиции в языке. В статье раскрывается символическое значение национальной одежды и определяются казахские познания. Известно, что особым познавательным знаком является символ, являющийся результатом углубления мировоззрения, связанного с развитием сознания человека. Хотя история формирования символа слишком далека, сегодня рамки понятия «символ» расширились, включив в себя лингвистику, философию, семиотику, психологию, литературоведение, культурологию и др. стала основной формой науки. В связи с этим существуют разные подходы к распознаванию символов, не зависящие друг от друга. Одним из них является широкое понимание символа как символа, использующего свое исходное содержание для придания формы другому содержанию (это встречается во многих гуманитарных науках, таких как философия, лингвистика, семиотика и т.д.). В статье авторы утверждают это направление, т.е. определяют символическое значение национальной одежды и украшений. Национальная одежда рассматривается как дискурс, несущий информацию об основах определенного этноса, образе жизни и мировоззрении людей, а его составляющие рассматриваются как лингвокультурные компоненты.*

*В статье также анализируется символическое значение ювелирных украшений, одного из универсальных языков культуры, включающего в себя глубинный пласт этнической памяти, архетипы мировоззрения народа, индивидуальность каждой страны.*

*Ключевые слова:* символ, лингвокультурологический компонент, дискурс, лингвокультурология, культурное наследие, национальная одежда.

Материал поступил в редакцию журнала 05.08.2023

## **Symbolic significance of women's clothing and jewelry**

Sh.B. Salikzhanova<sup>1</sup>, K.K. Sarekenova<sup>1</sup>

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Kazakhstan

*The article analyzes words-symbols in the Kazakh language: the symbolic meaning of national clothes and ornaments of the people, the expression of tradition in the language. The article reveals the symbolic meaning of national clothes and defines Kazakh knowledge. It is known that a special cognitive sign is a symbol, which is the result of the deepening of the worldview associated with the development of human consciousness. Although the history of the formation of the symbol is too far back, today the scope of the concept of "symbol" has expanded to include linguistics, philosophy, semiotics, psychology, literary studies, cultural studies, which has become the main form of science. In this regard, there are different approaches to symbol recognition, independent of each other. One of them is a broad understanding of the symbol as a symbol that uses its original content to give form to another content (this is found in many humanities such as philosophy, linguistics, semiotics, etc.).*

*In the article, the authors approve of this direction, i.e. determine the symbolic value of national clothes and jewelry. National clothing is considered as a discourse that provides information about the foundations of a certain ethnic group, people's lifestyle and worldview. Its components are considered as linguistic and cultural components.*

*The article also analyzes the symbolic meaning of jewelry, one of the universal cultural languages that includes the deep layer of ethnic memory, archetypes of the worldview of the people, and the individuality of each country.*

*Key words: symbol, linguistic and cultural component, discourse, linguistic and cultural studies, cultural heritage, national dress.*

Received: 05.08.2023

МРНТИ 16.41.25

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss3pp63-73](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp63-73)

**С.Ж. Тажибаева<sup>1</sup>, Ш.К. Жаркынбекова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

## **ОСОБЕННОСТИ ЭТНОКУЛЬТУРНОЙ И ЯЗЫКОВОЙ АДАПТАЦИИ ЭТНИЧЕСКИХ КАЗАХОВ ИЗ МОНГОЛИИ И КИТАЯ: ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ И ПРИКЛАДНЫЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ**

*С обретением Казахстаном государственной независимости на историческую Родину стали возвращаться этнические казахи, предки которых в силу объективных и субъективных факторов были вынуждены покинуть Казахстан в первой половине прошлого столетия. За 30 лет независимости на историческую Родину вернулись тысячи этнических казахов из стран ближнего и дальнего зарубежья. В статье рассматриваются теоретико-методологические подходы и методы изучения этнокультурной и языковой адаптации этнических казахов из Монголии и Китая. Комплексное междисциплинарное исследование заявленной проблематики возможно благодаря обращению к обширной библиографической базе научных работ, посвященных проблемам сохранению языка и культуры в миграционном контексте и осуществляемых в рамках истории, культурологии, социологии, социолингвистики, лингвокультурологии, документной лингвистики. Авторами представлен обзор основных исследований, посвященных данной проблематике, и предложен ряд методов, значимых для комплексного анализа поставленных задач. Научная новизна работы видится в формировании современной лингвистической рефлексии на проблемы изучения этнокультурной и языковой адаптации этнических казахов.*

*Ключевые слова: миграционные процессы, этнические казахи, языковая и этнокультурная адаптация, теоретико-методологические подходы*

### **ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ**

Необходимость изучения культуры, языкового сознания этнических казахов подтверждают многие зарубежные и отечественные этносоциологические и этнопсихологические исследования. Сюда включены вопросы сохранения языка, культуры, важных исторических событий, хранящихся в памяти народа и исчезающих в связи со сменой поколений, что является одной из актуальных проблем современной гуманитарной науки. Большой исследовательский интерес вызывают вопросы, связанные с изучением языковой и этнокультурной адаптации данной категории граждан. Охватить весь корпус публикаций, посвященных озвученной проблематике, достаточно сложно, тем не менее, даже краткий обзор имеющихся работ свидетельствует об определенной фрагментированности и неполноте научных фактов в области изучения этнокультурных и языковых особенностей этнических казахов и, более того, требует модификации методов сбора, обработки соответствующей информации и полученных данных. Исследование данных вопросов является перспективным применительно не только к разным направлениям